



№5 (262)
МАМЫР
МАЙ
2026 ЖЫЛ

АБАЙ UNIVERSITY

АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ



2022 жылдың
тамыз айынан бастап
шығады

7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ!

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ, ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Абай университетінде Отан қорғаушылар күніне арналған «Ерлікке тағзым» атты тағылымы терең, мазмұны бай рухани-танымдық шара өтті. Ұлттың батырлық рухын дәріптеп, ел қорғаған ерлердің өнегелі жолын кейінгі ұрпаққа үлгі етуге бағытталған құндылық кең көлемде ұйымдастырылды.

Салтанатты жиын алдымен университет аумағындағы «Ерлікке тағзым» ескерткіш белгіге гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды. Әскери тәртіппен сап түзеген курсанттар батыр рухына тағзым етіп, кейін Кеңес Одағының батыры, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мәлік Ғабдуллинге арналған ескерткіш-тақтаға гүл шоқтарын қойды. Шараға университет басшылығы, Ардагерлер кеңесінің мүшелері және 50-ге жуық ардагер қатысып, тағылымды сәттің куәсі болды.

Гүл қою рәсімінен кейін оқу ордасында ардагерлерге арнайы дастархан жайылып, оларға құрмет көрсетілді. Жиынды университеттің Басқарма төрағасы-Ректоры Болат Тілеп ашып, жиналған қауымға жүрекжарды лебізін жеткізді.

(Жалғасы 4-5-беттерде)



ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР –
НАҚТЫ НӘТИЖЕ
КӨРСЕТКІШІ

3-бет



БОЕВОЙ ПУТЬ ГЕРОЕВ

(О Герое Советского
Союза – Канаше Камзине
и воспоминания о родном
дедушке-фронтовике)

5-бет



КӨЛСАЙДАҒЫ
ТӘЖІРИБЕ – СТУДЕНТТЕР
АСЫҒА КҮТЕР СӘТ

8-бет



ӨНЕР мен ҒЫЛЫМ
ТОҒЫСҚАН БАСҚОСУ

Абай университетінде ғылым мен өнердің өрілуіне, ұлттық тәрбиенің тамыр жаюына ғұмырын арнаған бірегей тұлға – белгілі суретші, педагогика ғылымының докторы, профессор Берікжан Әлмұхамбетовтің 75 жылдық мерейтойына арналған халықаралық симпозиум өтті. «Ұлттық өнер – ұлттық тәрбие дінгегі: Профессор Б.А.Әлмұхамбетовтің ғылыми пайымдаулары контекстінде білім беру мен мәдени мұраны заманауи трансформациясы» тақырыбындағы келелі басқосу төл мәдениеттің рухани-мәдени кеңістіктегі орны мен оның тәрбиелік әлеуетін терең зерделеген мазмұнды ой-толғаулар тоғысына ұласты.

Салтанатты іс-шараның көркін кіргізген «Өмір өрнектері» атты шығармашылық көрме көпшілік қауымның ерекше ықыласына бөленді. Экспозицияға қылқалам шеберінің және оның сонынан ерген дарынды шәкірттерінің еңбектері ұсынылып, ұстаз бен шәкірт сабақтастығының өміршең өнегесін паш етті. Автор туындыларынан қазақы дүниетаным – болмыс, табиғат пен адам үндестігі, тарихи сана мен рухани тереңдік анық сезілді. Әсіресе ұлттық нақыштағы бояу үйлесімі мен философиялық мазмұн көрерменге айрықша әсер қалдырды.

(Жалғасы 6-бетте)



ЖАҢА ЖАТАҚХАНА БОЙ КӨТЕРЕДІ

Абай университетінде 500 орындық жаңа студенттік жатақхана салынады. Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Тілеп ҚХР-дың Қазақстандағы Шэньшэнь Ихэшен-фэн өнеркәсіптік тобының өкілдерімен кездесіп, жаңа жатақхана салу туралы келісімге келді.

Жаңа жатақхана Алматы қаласындағы Иван Шухов көшесінде, университет меншігіндегі жер телімінде салынады. Онда заманауи тұрғыда секциялық бөлмелер, оқу және демалыс аймақтары, асхана мен қауіпсіздік жүйесі болмақ. Қазіргі заман үлгісіндегі жабдықтар қойылып, білім алушылардың жайлы өмір сүруіне жағдай жасалады. Ғимаратта студенттерге керек түрлі қажеттіліктермен қатар, оқу залы, әлеуметтік нысандар да орналаспақ.

(Жалғасы 6-бетте)

АБАЙ ОРТАЛЫҒЫ – ҚАЗАҚСТАН мен ЕУРОПА АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

Абай университеті делегациясының Польша Республикасына ресми сапары одан әрі жалғасып жатыр. Сапар аясында делегация Слупск қаласындағы Помор академиясындағы (Померания университеті) Абай орталығында болып, атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Еуропада ұлтымыздың рухани құндылықтарын насихаттаумен айналысатын Абай атындағы қазақ мәдениеті мен ғылымы орталығының қызметімен танысқан Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы-Ректоры Болат Тілеп ұжым және студенттер жұмысына жоғары баға берді. Кездесу барысында ректор Абай орталығының Қазақстан мен Еуропа арасындағы рухани және мәдени байланысты нығайтудағы айрықша рөлін атап өтті. Оның айтуынша, Абай мұрасы – тек ұлттық құндылық қана емес, әлем халықтарын ортақ гуманистік идеялар төңірегіне біріктіретін рухани көпір. Абай университеті үшін Помор университеті – сенімді серіктес әрі жақын дос.

– Помор академиясы – Еуропадағы тарихы терең, академиялық беделі жоғары



жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Бізді ұзақ жылдар бойы байланыстырып келе жатқан серіктестік бүгінде нақты нәтижелер беріп жатыр. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы 200-ден астам студент екі ел арасында білім алып, тәжірибе алмасты. Сонымен қатар оқытушылар мен зерттеушілердің өзара тағылымдамадан өтуі де тұрақты үрдіске айналды. Померания университеті басшылығына осындай жан-жақты ынтымақтастық пен қолдаулары үшін шынайы алғысымды білдіремін, – деді Болат Анапияұлы.

Аманкүл Қазмағамбетова жетекшілік ететін Абай орталығы шет елде қазақ тілін,

әдебиетін және мәдени мұрасын насихаттау мақсатында жұмыс істейді. Жастарға қазақтың ұлы ғұламасы Абайдың философиялық идеяларын таныстырып, мәдени диалогты дамытуға ықпал ететін маңызды ғылыми білім беру кеңістігі ретінде танылған.

Халықаралық деңгейде қазақ руханиятын танытуға елеулі үлес қосып отырған орталықта өткен кездесу барысында Болат Анапияұлы қазақ және ағылшын тілдеріндегі кітаптарды сыйға тастырып, шет жердегі отандастарымыз да сая табатын рухани бірлестік жұмысына сәттілік тіледі.

Жалғасы 3-бетте

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ СӨЗ БОЛДЫ

Абай университетінде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «ҚР дербес деректерді қорғаудың конституциялық кепілдіктері: цифрлық қауіпсіздіктің негіздері» атты дөңгелек үстел өтті. Отандық жетекші ғалымдар, білікті сарапшылар, қоғам белсенділері мен жастар ұйымдары өкілдері бас қосқан алқалы отырыста қоғамның өзекті мәселелері талқыланды. Жиында жеке мәліметтерді қорғаудың құқықтық тетіктері, киберкеңістіктегі қауіп-қатерлерге тосқауыл қою және азаматтардың ақпараттық мәдениетін жаңа сапалық деңгейге көтеру жолдары жан-жақты сараланды.



Дөңгелек үстелді ашқан университеттің Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Максат Жақау жана технологиялардың дамуы адам құқығын қорғау ісіне де жаңа талаптар қойып отырғанын атап өтті.

— Ақпараттық қауіпсіздік — бұл тек техникалық шаралар жиынтығы емес. Цифрлық сауаттылық — елдің егемендігі мен тұрақтылығын айқындайтын, ұлттық қауіпсіздікпен тікелей байланысты стратегиялық бағыт. Ал мемлекеттің киберқорғаныс қабілеті — болашағымыздың басты кепілі, — деді проректор.

Жиынға қатысқан сарапшылардың пікірінше, дербес деректерді қорғаудағы халықаралық тәжірибені зерттеп, оны отандық заңнамада тиімді қолдану — уақыт талабы. Тақырып аясында ғаламтордағы алаяқтық, фишингтік

шабуылдар мен жалған ақпараттың қоғамға тигізер зияны сөз болды. Сондай-ақ күнделікті өмірде қолданылатын әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшалардың жасырын қауіптері айтылып, жастар арасында «ақпараттық гигиенаны» қалыптастыру қажеттігіне назар аударылды.

Басқосуда халықаралық қатынастардағы «жұмсак күш» теориясының заңдылықтары мен оның қазіргі сипаты терең талданды. Сандық кеңістік бүгінде мемлекеттің идеологиялық дамуына ықпал ететін, қоғамдық сананы бағыттаудың және мүдделерді ілгерілетуді құралына айналды. Осы ретте жас буынның медиасауаттылығын шыңдау, сыни ойлау қабілетін дамыту, ақпаратты сүзгіден

өткізе білу дағдысы ұлттық иммунитеттің негізі саналады.

Сонымен қатар қатысушылар жастардың интернет кеңістігіндегі жеке жауапкершілігі, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау мәселесі және заманауи саяси коммуникациялардың ерекшеліктері туралы ой бөлісті. Дөңгелек үстел нәтижесінде дербес деректерді қорғау мәдениетін ілгерілету, құқықтық ағарту жұмыстарын жүйелі жүргізу және қоғамның цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған маңызды ұсыныстар қабылданды. Алдағы уақытта да «Заң мен тәртіп» бағдарламасы аясында жүйелі түрде өтетін іс-шаралар жалғасын таба бермек.

Айтолын НҰРЖАУСЫНҚЫЗЫ

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ АЯСЫНДА ІРІКТЕУ ӨТТІ

Абай университетінде 2026-2027 оқу жылына арналған академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелде білім алғысы келетін үміткерлерді іріктеу комиссиясының отырысы өтті. Байқауға қатысуға өтінім білдірген 110 кандидат ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан бөлінген 36 грантқа өзара бақ сынады. Аталған гранттардың 34-і еуропалық университеттерде, екеуі Оңтүстік-Шығыс Азия өңіріндегі серіктес оқу орындарында білім алуға мүмкіндік береді.

Үміткерлердің құжаттарын жан-жақты қарап, олардың академиялық дайындығын, мотивациясы мен шет тілін меңгеру деңгейін бағалау үшін 15 адамнан тұратын тәуелсіз комиссия құрылды. Комиссия құрамында университет басшылығы мен профессор-оқытушылардан бөлек, Канададан шақырылған халықаралық сарапшы Зухра Камар, Алматы қаласы мэлихатының депутаты Елена Тө, «Тең-теңімен» қазақстандық ассоциация президенті Сағынғали Елькеев, «Teacher Lab» компаниясының бас директоры Сәуле Зейнолла сияқты қоғам қайраткерлері мен тәуелсіз мамандар бар. Сонымен қатар студенттердің тілдік дайындығын нақты бағалау мақсатында комиссия жұмысына корей, ағылшын және француз тілдерінің мамандары Наталья Нам, Шыңғыс Ордабаев пен Светлана Бухина шақырылды.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Тілеп халықаралық серіктестікті дамытуға баса назар аударылатынын алға тартты. Бүгінгі таңда кара шаңырақ Франция, Чехия, Литва, Польша және Оңтүстік Корея сияқты елдердің әлемдік QS рейтингінде көшбасшы университеттерімен тығыз байланыс орнатқан. Студенттерді іріктеу отырысы — осы ауқымды халықаралық ынтымақтастықтың нақты нәтижесі.

Іріктеу процесінің барынша әділ өтуін қамтамасыз ету мақсатында комиссия мүшелері жасырын сұхбат форматын қолданды. Бұл жүйенің ерекшелігі — талапкерлердің аты-жөні мен өзге де жеке мәліметтері құпия сақталады. Комиссия назарына тек студенттің тілді меңгеру деңгейін растайтын сертификаты мен GPA көрсеткіші ғана ұсынылды. Онлайн интервью барысында үміткерлер өздері таңдаған бағыттарға сай қазақ, орыс, ағылшын, француз және корей тілдерінде сұхбат берді. Студенттер кәсіби шындалуға деген шынайы ынта-жігерін дәлелдеп, комиссия қойған сұрақтарға жауап берді. Іріктеу нәтижесі бір аптадан соң белгілі болмақ.

Айзере ШЫНАТ



Студенттер диплом жұмыстарын жаңа форматта қорғады

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының 4-курс студенттері дипломдық жұмыстарын алғаш рет дәстүрлі үлгіден тыс Action Research және Lesson Study форматында қорғады. Заманауи инновациялық бағыттағы жаңа формат 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап енгізіліп, биыл бітіруші түлектер өз зерттеулерін тәжірибелік тұрғыда ұсынды.

Action Research — педагог-практиктер жүзеге асыратын бейресми зерттеу түрі, жоспарланған әрекеттер циклі арқылы нақты педагогикалық мәселелерді шешуге бағытталса, Lesson Study — сабақты жетілдіруге бағытталған зерттеу үдерісі, ол бірлесіп жоспарлау, өткізу, бақылау және талқылау кезеңдерінен тұрады. Бұл тәсілдер студенттердің тек теориялық білімін ғана емес, практикалық ізденісін, шығармашылығын және кәсіби қузыреттілігін көрсетуге мүмкіндік берді.

Педагогикалық инновациялар орталығының басшысы, ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі, профессор Айман Берикханованың айтуынша, жаңа форматтың дәстүрлі диплом қорғаудан басты ерекшелігі — оның тәжірибеге негізделуінде болып отыр.

— Action Research форматы арқылы студенттер педагогикалық зерттеу жүргізудің қыр-сырын меңгереді. Бұл форматтың ерекшелігі — білім алушылар тек теориялық материалмен шектелмей, нақты педагогикалық ортада мәселені анықтап, оны шешудің тиімді жолдарын

тәжірибе арқылы зерттейді. Дәстүрлі ғылыми жұмыста көбіне тәжірибелік талдау бір бағытта жүргізілсе, мұнда үш циклды зерттеу жүйесі енгізіліп, әр кезеңде нәтижелер сараланып, жетілдіріліп отырады. Бұл формат студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, олардың сыни ойлау, талдау, мәселе шешу және рефлексия жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, — дейді профессор.

Жаңа форматтағы дипломдық жұмыстарды қорғау үдерісіне университет бойынша әр факультеттен 3 ментор-зерттеуші қатысып, студенттердің зерттеу жұмыстарын жүргізуіне әдістемелік қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беріп келді. Ал бүгінгі дипломдық жұмысын қорғауда 10 студент жаңа үлгідегі зерттеулерінің нәтижесін таныстырды.

Қорғау барысында студенттер мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізген тәжірибелік зерттеулерінің нәтижелерін көрсетіп, балалардың тіл дамытуы, шығармашылық қабілеті, танымдық белсенділігі, ойын арқылы оқыту, ата-анамен байланыс және инклюзивті білім беру бағытындағы өзекті мәселелерді қамтыды. Интерактивті түрде өткен қорғауда студенттер презентациялар ұсынып, бейнематериалдар мен практикалық жұмыстарын көрсетті. Әр зерттеу барысында анықталған мәселе талданып, оны шешудің тиімді жолдары нақты деректермен дәлелденді. Комиссия мүшелері жұмыстардың тәжірибелік маңыздылығы мен әдістемелік жаңашылдығына ерекше назар аударды.

Өз тілшімізден

Қысқа-нұсқа

■ ЮНЕСКО ұйымы аясында өткен «Алтын Орда — дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиумда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Алтын Орда дәуірі отандық тарихымыздың маңызды бөлігі, сонымен бірге біз бұл кезеңді ауқымды өркениет парадигмасы тұрғысынан қарастырамыз, — деп, Алтын Орда тарихының феноменін жаңа жаһандық деңгейге шығару қажеттігін көрсетті. Қазақстанды — Алтын Орданың мұрагері деп жариялады және оны үш бағытқа бөліп, жаңа міндеттер жүктеді. Президенттің осы симпозиумда сөйлеген сөзі жаңа ғылыми ізденістерге, ғылыми жобаларға бағыт берді. Алтын Орда тарихы одан әрі терең зерттелетініне сенім білдірмеді, әрі Батыс пен Шығысты үлкен сұхбат алаңы жалғасады деп есептейміз.

■ Мемлекет басшысының еліміздегі кітап оқу мәдениетін өркендету туралы Жарлығы — отандық білім беру мен ұлттық руханиятты дамытудың негізгі бағдары. Осы мемлекеттік міндетті іске асыруда Абай университетінің Ғылыми кітапханасы маңызды рөл атқарады. Бүгінде бұл құрылымдық бөлім заманауи цифрлық технологиялармен жабдықталған болашақ педагог мамандарды даярлауға қызмет ететін ірі ақпараттық-зияткерлік орталық ретінде жұмыс істеп келеді.

■ 18 мамыр — Халықаралық музейлер күні. Адамзаттың тарихи жады мен мәдени мұрасын сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізетін музейлердің қоғамдағы орнын айқындайтын мереке ретінде аталып өтеді. Қазақстанда жалпы саны 286 музей болса, оның ішінде Абай университетінің музейі 1998 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мұнда оқу орнының шежірелі тарихы баяндалып, ұлттық жәдігерлер мен студенттердің шығармашылық жұмыстары қойылған. Абай университетінің тарихи музейі тек экспонаттар сақталатын орын емес. Ол студенттердің оқу процесімен тікелей байланысты жұмыс істейтін шығармашылық-танымдық орта. Мұнда студенттер өз туындыларын ұсынады, кейбірі зерттеу тақырыптарына материал ретінде пайдаланады, экскурсия жасап, таным көкжиегін кеңейтеді.

■ Францияның Пуатье университетінің доценті Лича Баджинге «Құрметті профессор» атағы берілді. Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп шетелдік ғалымға марапатты табыстап, жаңа оқу жылынан бастап студенттерге дәріс беруге шақырды. Жоғары марапат университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен беріліп отыр. Профессор Лича Баджини — Француз Республикасында өте ауқымды педагогикалық және кәсіби қызмет жолынан өткен тұлға. Ол өзінің бүкіл еңбек жолын Пуатье университетінде өткізіп, халықаралық деңгейдегі ынтымақтастықтың өркендеуіне үлес қосты. Ғалымның айрықша еңбегі ретінде оның Қазақстан мен Орталық Азияда француз тілін дамыту, жоғары оқу орындарында сабақ беретін француз тілі мамандарының қауымдастығын қалыптастыру жұмыстарын атауға болады. Оның тікелей қолдауымен франциялық бірнеше студенті Абай университетінде білім алып жатыр.

ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР – НАҚТЫ НӘТИЖЕ КӨРСЕТКІШІ

Абай университетінде жалпы саны 100 ғылыми жоба табысты жүзеге асырылып келеді. Оның ішінде 54 ғылыми жоба гранттық қаржыландыру негізінде, 3 жоба бағдарламалық-нысаналы және біреуі коммерциялық бағытта дайындалған. Ғылыми-педагогикалық, өндірістік және зияткерлік мақсатта іске асатын жобалар сараптамадан өтіп, жүйелі түрде орындалып отыр. Бұл – университеттің ғылыми әлеуетін арттырып, зерттеу нәтижелерінің тиімділігін көрсетеді.

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша «Keruen Plus» ЖШС-мен бірлескен шарты негізінде «YBCO модификаторларын қолдана отырып, ПВХ негізіндегі композиттік материалдардан коэкструзия әдісімен экологиялық жылтыр терезе тактайшаларын инновациялық өндіру» (DP21682051) жобасының мерзімі жыл соңына дейін ұзартылды. Әзірленген өнімді «Keruen Plus» ЖШС өндіріске енгізіп, қазіргі таңда жемісін бере бастады. Коммерцияландыру жобасы Қазақстанда инновациялық өндірісті құру бағытындағы ғылым мен өнеркәсіптің табысты интеграциясының жарқын айғағы.

2026 жылдың сәуір айында Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы жүргізген мониторинг нәтижесінде ҚР ҒЖБМ қаржыландыратын 26 жоба сараптамадан сәтті өтті. Бұл көрсеткіші университетте ғылыми жобалардың күнтізбелік жоспарға сәйкес жүйелі түрде орындалып, зерттеу нәтижелері іс-жүзінде тиімді іске асуының көрсеткіші.

2024-2027 жылдарға арналған ҚР ҒЖБМ қаржыландыратын ғылыми жобалар аясында халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалалар жарияланып, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, монографиялар жарық көрді. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу актілері мен зияткерлік меншік объектілеріне патенттер алынды. Атап айтқанда:

AP23487595 «Мектеп географиясында Жерді қашықтан зерделеу (ЖКЗ) материалдарын қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған әдістемелік әзірлемелерді дайындау» жобасы. Зерттеуші ғалым Шахислам Лайсханов жетекшілік ететін жоба аясында Жерді қашықтан зерделеу материалдарын мектеп географиясында қолдануға бағытталған әдістемелік әзірлемелер



дайындалды. Нәтижесінде Scopus базасына кіретін журналдарда 2 мақала, Комитет ұсынған басылымдарда 2 мақала жарияланып, халықаралық конференцияда баяндама жасалды. Сондай-ақ бір әдістемелік оқу құралы жарық көріп, авторлық куәлік алынды.

Профессор Сәуле Абишованың жетекшілігімен дайындалған «Қазақстан бейнесінің қазіргі әлемдік мәдениеттегі трансмедиа-лық және көркем репрезентациясы» жобасы (AP23489915) бойынша мектеп оқушыларына арналған 2 элективті курс әзірленді. Олар: «Әлем әдебиетіндегі Қазақстан бейнесі» және «Қазақстанның әдеби географиясы: шабыт ландшафтары» деп аталады. Сонымен қатар, магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламаларына «Қазақстан бейнесінің қазіргі әлемдік мәдениеттегі трансмедиа-лық репрезентациясы» және «Қазіргі әлем әдебиетіндегі Қазақстан бейнесі» пәндері енгізілді. Жоба нәтижелері оқу үдерісіне енгізіліп, әдістемелік ұсынымдар жарияланды.

AP22686317 жобасы аясында ресми және бейресми білім беру интеграциясы жағдайында магистранттардың дәрежелерін өсіруге арналған Stackable degree моделі әзірленді. Жобаның жетекшісі PhD доктор Дамира Советканова. Аталған жобаның нәтижесінде екі мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалында жарияланды. Сондай-ақ 5 авторлық білім беру бағдарламасы әзір-

леніп, тәжірибеге енгізілді. Одан бөлек ғылыми монография жарық көріп, ендіру актісі алынды. Scopus базаларында индекстелетін басылымда мақала жарық көрді.

Астрономиялық зерттеуге бағытталған AP22682939 «Исследования общерелятивистских эффектов при движении орбитальных спутников (пробных тел) в аксиально-симметричных гравитационных полях» атты жоба Дания Утепованың жетекшілігімен жүзеге асырылды. Жоба аясында орбитальдық спутниктердің аксиалдық-симметриялық гравитациялық өрістердегі қозғалысы кезіндегі жалпы салыстырмалылық эффектілері зерттелді. Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша Web of Science базасында индекстелетін (Q1, Q2) журналдарда екі мақала жарияланды.

Жалпы алғанда, ғылыми жобалар университеттің ғылыми әлеуетін арттыруға, білім беру мазмұнын жаңартуға, цифрлық және инновациялық ресурстарды дамытуға, ғылым мен тәжірибе байланысын нығайтуға және халықаралық кеңістікте университет беделін күшейтуге айрықша үлес қосады. Абай университетінің ғылыми жобалары бүгінде тек академиялық орта үшін ғана емес, қоғамның білім беру, технология және мәдени даму сұраныстарына жауап беретін маңызды ғылыми бастамаларға айналды.

Әзімбек ҚОЙЛЫБАЙ

Абай орталығы – Қазақстан мен Еуропа арасындағы алтын көпір

(Басы 1-бетте)

Помор университетімен ынтымақтастықтың негізі 2012 жылы қаланған болатын. 2015 жылы ресми серіктестік туралы келісімге қол қойылып, академиялық ұтқырлық бағдарламалары жүзеге асырыла бастады. Бүгінге дейін Абай университетінің 200-ден астам білім алушылар Помор университетінде білімін жетілдіріп, тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ екі оқу орны арасында қос дипломды білім беру бағдарламалары іске асырылып, халықаралық ғылыми-мәдени жобалар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

2019 жылғы 23 мамырда Помор академиясының Неофилология институтында ашылған Абай орталығы Қазақстан мен Польшаның мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын дамытуға бағытталған маңызды ғылыми білім беру платформасына айналып үлгерді. Жыл сайын «Абай оқулары» халықаралық ғылыми семинарлар өткізіп тұрады. Оның қызметіне Польшадағы Қазақстан Елшілігі қолдау білдіріп, ғылыми-мәдени дипломатияның тиімді үлгісін көрсетіп келеді.

Одан әрі делегация Помор университетінің 57 жылдық мерейтойына қатысып, Абай университетінің басшысы Болат Тілеп салтанатты жиында сөз сөйледі. Ол халықаралық аренадағы сенімді серіктес университет ұжымын мерекемен құттықтап, Помор университетінің Польшадағы беделді білім және ғылым орталықтарының бірі екенін атап өтті, екі тарап арасындағы академиялық ынтымақтастықты дамыту мәселелеріне тоқталды.

Сонымен қатар Абай университет басшылығы Слупск қаласының вице-президенті Беата Хржановскамен кездесті. Кездесу барысында тараптар Қазақстан мен Польша арасындағы білім және ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Ректор Болат Анапияұлы көрсетілген құрмет пен қонақжайлық үшін алғыс білдіріп, екі ел арасындағы байланысты нығайтуға жоғары білім саласының маңызы айрықша екенін жеткізді.

Б. ЕЛТАЕВА

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті

Абай университетінде «Бос орындар жәрмеңкесі – 2026» атты ауқымды іс-шара өтті. Мақсаты – жоғары оқу орнын тәмамдағалы отырған түлектерді жұмыс берушілермен тікелей байланыстырып, олардың кәсіби бағдарын айқындауға көмектесу. Жәрмеңкеде еліміздің түкпір-түкпірінен 250-жуық мекеме жас мамандарға арналған бос жұмыс орындарын ұсынып, болашақ педагогтарды өздеріне жұмысқа шақырды.

Жәрмеңкенің ашылуында Абай университетінің Академиялық қызмет жөніндегі проректоры Бану Нарбекова сөз сөйлеп, оқу орнының жұмыс берушілермен серіктестік жылдан-жылға нығайтып келе жатқанын атап өтті.

– Бүгінде университетіміз жұмыс берушілермен жүйелі байланыс орнатқан жетекші оқу орындарының бірі. Өткен жылы 64 мекемемен меморандум жасасак, биыл бұл көрсеткіш 78-ге жетті. Сонымен қатар 175 білім беру ұйымымен тұрақты

келісімшарт негізінде тәжірибе базасы жұмыс істейді. Бұл – сапалы маман даярлаудағы нақты нәтижеміз, – деді Бану Мұқатайқызы.

Сондай-ақ проректор жәрмеңкенің болашақ педагогтар үшін жана өмір кезеңіне бастайтын маңызды қадам екенін айтты, сәттілік тіледі.

Бос жұмыс орындар жәрмеңкесіне республиканың әртүрлі өңірінен 250-ге жуық мекеме қатысты. Олардың қатарында мектептер, колледждер, балабақшалар мен білім беру ұйымдары бар. Жұмыс берушілер жәрмеңкеде түрлі бағыттағы 1214 бос жұмыс орнын ұсынды.

Айта кетейік, биыл Абай университетін бакалавриат деңгейінде 81 білім беру бағдарламасы бойынша 2800 студент тәмамдайды. Олардың басым көпшілігі шет тілі, қазақ тілі мен әдебиеті және дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері. Ал 52 мамандық бойынша 688 білім алушы магистр ғылыми дәрежесін алып, еңбек нарығына жол тартпақ. Бітіруші түлектердің шамамен 70 пайызы мемлекеттік білім гранты негізінде оқыған.

«Abai University»
медиа орталығы

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

21-22 мамырда Астана қаласында Erasmus+ бағдарламасының өңірлік ақпараттық күні және «Жоғары білім берудегі жасанды интеллект» тақырыбындағы халықаралық конференция өтті. Іс-шара Erasmus+ Қазақстандағы Ұлттық кеңесі мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылды. Аталған жиынға Абай университетінің өкілдері қатысып, жасанды интеллект саласында маман даярлау тәжірибесі таныстырылды.

Конференцияның ашылу рәсіміне ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы қатысып, жоғары білім беру жүйесіндегі цифрландыру мен жасанды интеллект бағыттарының маңыздылығына тоқталды.

– Жасанды интеллект жоғары білім беру саласына жана мүмкіндіктер ашады. Ол білім беру сапасын арттыруға, ғылыми зерттеулерді дамытуға және бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға ықпал етеді. Осы тұрғыда Erasmus+ бағдарламасы халықаралық әріптестікті нығайтуда және университеттерді жаһандық білім беру кеңістігіне ықпалдастыруда маңызды рөл атқарады, – деді министр.

Жиынға Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Академиялық қызмет жөніндегі проректор Бану Нарбекова, Халықара-



лық ынтымақтастық департаментінің директоры Баян Сапарғалиева, Білім беру бағдарламаларын талдау департаментінің директоры Нұржамал Ошанова және Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық бөлімінің басшысы Аяулым Ахметбекова қатысты.

– Еліміздегі жоғары оқу орындарының барлығы Erasmus+ жобаларына белсенді түрде қатысады. Соның нәтижесінде бүгінгі күні жоғары білімнің дамуына, сапасының жоғарылауына көптеген жобалар ықпалын тигізді. Бұл конференцияның мақсаты осындай жобалардың сапасын көтеріп, қатысушылар санын көбейту, – деді проректор Бану Мұқатайқызы.

Халықаралық жиында Абай университетінің өкілі, Білім беру бағдарламаларын талдау департаментінің директоры,

қауымдастырылған профессор Нұржамал Ошанова «Қазіргі сын-кәтерлер жағдайында жасанды интеллект саласында кадр даярлау: Абай атындағы ҚазҰПУ тәжірибесі» тақырыбында баяндама жасады. Оқу орнының бұл бағыттағы тәжірибесі педагогикалық білім беруді цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын тиімді қолдану бойынша Қазақстандағы үздік тәжірибелердің бірі ретінде ұсынылды.

Екі күнге созылған жиында Орталық Азия елдерінің жоғары білім беру жүйесіндегі жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен тәуекелдері, цифрлық трансформация, академиялық ынтымақтастық және Erasmus+ бағдарламасының жана мүмкіндіктері кеңінен талқыланды.

Әзімбек ӘБДІҚҰЛҰЛЫ



ЕРЛІКKE ТАҒЗЫМ, ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

(Басы 1-бетте)

— Құрметті аға буын өкілдері, ардақты ұстаздар! Сіздермен жүздесу — біз үшін үлкен мәртебе. «Ақсақалы бар ауылдың бірлігі бекем, ғалымы бар елдің тірлігі көркем» деп бекер айтылмаған. Сіздер — еліміздің ғылымы мен білімінің іргетасын қалаған, бар саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған тұлғасыздар. Университетіміздің бүгінгі жетістіктері — сіздердің ерен еңбектеріңіздің заңды жалғасы. Біздің оқу орнынан 8 Кеңес Одағының Батыры шыққан. Осы ретте баршаңызға шынайы алғысымызды білдіреміз. Сіздердің еңбектеріңіз — кейінгі буынға үлгі, — деді ректор.

Жиын барысында Ардагерлер кеңесінің төрағасы Берікжан Әлмұхамбетов мен Медеу аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Алмас Төлеубаев та сөз сөйледі. А. Төлеубаев өз сөзінде Медеу ауданында 31 мыңға жуық ардагер бар екенін атап өтіп, олардың басым бөлігі Абай университетінен екенін жеткізді.

Шара соңында университетте ұзақ жылдар қызмет атқарған ардагерлер ректордың Алғыс хаттарымен марапатталып, арнайы сый-сияпаттарға ие болды. Бұл — олардың көпжылдық еңбегіне көрсетілген лайықты құрмет еді.

Айта кету керек, тағылымды іс-шара аясында Мәлік Ғабдуллиннің мәңгілік тыныс тапқан жері — «Кенсай-1» зираты аумағында да тазалық жұмыстары жүргізілді. Студенттер мен оқытушылар зират маңын ретке келтіріп, батыр рухына құран бағыштады. Бұл игі іс «Таза Қазақстан»

акциясы аясында ұйымдастырылып, жастардың елге, тарихқа деген құрметін арттыруға бағытталған маңызды бастама ретінде ерекше мәнге ие болды.

Ертеніне Отан қорғаушылар күніне орай ұйымдастырылған іс-шара ауқымды әскери-патриоттық шеруге ұласты. Бұл іс-шараға университет басшылығы, Офицерлер одағының өкілдері мен Ауған соғысының ардагерлері арнайы қатысып, жас буынның отансүйгіштік рухын арттыруға бағытталған игі бастаманың куәсі болды. Жиын мерекелік бағдарламамен шектелмей, болашақ қорғаныс жетекшілері мен педагогтердің кәсіби біліктілігін сарапқа салған эстафетаға ұласты.

Айбынды шерудің бағдарлама мазмұны төрт бөлімді қамтыды. Оның аясында салтанатты әскери сап түзеу, спорттық-қолданбалы шеберлік көрсетілімдері, заманауи қару-жарақ пен техника көрмесі, сондай-ақ білім алушылар арасындағы тартысты тактикалық сайыс өткізілді. Айта кету керек, биылғы Отан қорғаушылар күні Абай университеті үшін елеулі нәтижемен қатар келді. Өйткені 16-17 сәуір аралығында Тараз қаласында өткен Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі бойынша 17-ші Республикалық олимпиадада 13 команданың ішінен біздің студенттер жұлделі 3 орынды иеленіп, университеттің жоғары дайындық деңгейін көрсетті.

Әскери-патриоттық шеруде Алматы қаласы Полиция департаменті, Төтенше жағдайлар департаменті, ҚР ҰҚК Шекара академиясы мен Шекара қызметінің Арнаулы мақсаттағы басқармасы сап түзеп

өтті. Олармен бірге Бауыржан Момышұлы атындағы мамандандырылған колледж курсанттары, Қорғаныс министрлігінің Орталық спорт клубының спортшылары, №116 жалпы білім беретін мектеп оқушылары мен «Бөрі» қоғамдық қорының өкілдері де бір сапта адымдады. ҚР ҰҚК арнаулы бөлімшелері мен құқық қорғау органдарының жедел әрекет ету көріністері думанды бағдарламаның көркін ашып, жиналған қауымға ерекше әсер қалдырды.

Сонымен қатар көрермен назарына заманауи өрт сөндіру техникалары мен арнайы мақсаттағы көліктер шеруі ұсынылды. Алаңға арнайы мотоэкипаждары, Toyota Hilux жеңіл қызметтік және жедел әрекет ету автокөліктері, бұдан бөлек апаттардан қорғау медициналық көліктері шықты. Рәсім барысында 2000 жылы құрылған Қазақстан Қарулы Күштерінің элиталық бөлімшесі — Аэро-десанттық шабуылдаушы әскерлерінің тарихы мен жетістіктері кеңінен насихатталды. Көрме бөлімінде қызметтік жануарлар мен нысанды киім үлгілері таныстырылып, студенттердің жауынгерлік эстафетасымен қорытындыланды.

Мазмұнды әрі тағылымы мол іс-шаралар мемлекеттік маңызы бар мерекелердің мәнін тереңдетіп, жастардың елжандылығын арттыруға және ел қорғанысын нығайтуға серпін береді. Мұндай бастама жас буынның отансүйгіштік қасиетін қалыптастырып, мемлекет қауіпсіздігін сеніп тапсыратын білікті кадрлар шоғырын даярлауға септігін тигізеді.

Б. ЖҰМЫНҰЛЫ



Әскери ант қабылдау

Абай университетінің студенттері еліміздің әскери қызметін нығайту ісіне үлес қоспақ. Бүгін оқу ордасының әскери кафедрасында тәлім алған шәкірттер салтанатты түрде әскери ант қабылдап, Отанға адал қызмет етуге серт берді. Ел қауіпсіздігі мен тыныштығын қорғауды мақсат еткен 271 жас сарбаз Қарулы күштер қатарын толықтырып, жауапкершілігі мол кезеңге қадам басты.

Арнайы дайындықтан өткен 271 түлектің қатарында 161 запастағы офицер және 110 сержант бар. Теориялық білім мен практикалық дағдыны ұштастырған жас буын мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыруға бағытталған нақты міндеттерді орындауға толық дайын.

Салтанатты ант қабылдау іс-шарасына университет басшылығы, әскери кафедраның ардагерлері, Ауған соғысының қаһармандары мен жас сарбаздардың туыстары қатысты. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп сап түзеген жастарды құттықтап, оларға жүктелген тарихи жауапкершіліктің мол екенін жеткізді. Әскер қуаты тек қару-жарақпен емес, білімді офицер мен рухы биік сарбаздың қажыр-қайратымен өлшенетінін атап өтті.

— Сіздер бүгін ант қабылдап қана қоймай, ата-баба аманатын арқалап, егемен елдің нағыз қорғанына айналдыңыздар. Өздеріңізге жүктелген бұл міндет — мемлекетіміздің тұтастығының негізі. Қадамдарыңыз нық, серттеріңіз берік болсын, — деді ректор.

Алаңда жауынгерлер саптық шерумен жүріп, тәртіп пен жоғары дайындық деңгейін паш етті. Офицерлердің бекзат болмысы мен талғампаздығы жиналған қауымды тәнті етіп, әскери қызметтің тек қатандықпен шектелмейтініне куә болды.

Айта кеткен жөн, Абай университетінің әскери кафедрасы 1998 жылы ашылып бұған дейін 8 мыңға жуық түлекті даярлап, офицерлік құрамға қосқан. Білім ордасынан қанат қакқан жас мамандар тек кәсіби шеберлігімен ғана дараланбай, ұлтжандылық қасиетімен де ерекшеленеді. Отан алдындағы қызмет олардың мінезін шыңдап, мемлекетшілдік ұстанымын бекемдейтін маңызды кезең болмақ. Бүгінгі жас офицерлер — ертеңгі ел тірегі. Олардың әрбір қадамы мемлекеттің қауіпсіздігі мен халқымыздың бақуатты өмірі үшін қызмет ететініне сенім мол.

А. АРҒЫН

СҰРАПЫЛ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ

Абай университетінің тарихы — Отанға деген шексіз сүйіспеншілік пен қайсар рухтың шежіресі. Екінші дүниежүзілік соғыс сол кездегі ұжым үшін ең ауыр сынақ кезеңі болды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ университет қабырғасынан 800-ден астам оқытушы мен студент бейбіт өмірдің оқулықтарын қаруға алмастырып, майданның алдыңғы шебіне аттанды.

Университет мақтаныштарының көшін бастап тұрған біртуар тұлға Мәлік Ғабдуллиннің есімі бүгінде білім ордасының рухымен егіз ұғым. 1935 жылы филология факультетін бітірген ол атақты Панфилов дивизиясының құрамында Мәскеу түбіндегі шешуші шайқастарда теңдессіз ерлік көрсетті. Қан майдандағы қаһарман-

дығы үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Соғыстан кейін Абай университетінде ректор қызметін атқарып, 1953-1963 жылдары қара шаңырақтың дамуына үлес қосты. Өзі жазушы, өзі әдебиетші-ғалым ретінде кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге қалдырды. Былтыр Мәлік Ғабдуллиннің 110 жылдығына білім ордасында профессор-батырдың атынан аудитория ашылды.

Сол кездегі ҚазПИ қабырғасынан шыққан жауынгерлер майдан даласында көрсеткен жанқиярлық ерліктері үшін жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды. Атап айтқанда, Лесбек Жолдасов, Қанаш Камзин, Құдайберген Сұрағанов, Рахымжан Тоқатаев, Ахмедияр Хұсайынов, Сәду Шәкіров және Владимир Бреусов сынды біртуар перзенттер Кеңес Одағының Батыры атанды. Кеудесіне Алтын жұлдыз таққан батырларға тоқталсақ.

Қанаш Камзин — 1937-1941 жылдары география факультетінде білім



алған. 1943 жылы майданға шақырылып, рота командирі болды. Ол 1944 жылы Днестр өзенінен өту кезінде ерен ерлік көрсетіп қаза тапты. Оның есімі университеттің батыр түлектерінің тізімінде құрметпен аталады.

Рақымжан Тоқатаев — соғыс жылдарында зенбірекші міндетін атқарып, Чехословакияны азат етудегі қиян-кескі ұрыстарда көзге түсті. Соғыстан кейін білім ордасына қайта оралып, математика мамандығы бойынша жоғары білім алып, сәтті тәмамдады.

Владимир Бреусов — 1943 жылы Харьков үшін болған шешуші шайқаста көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған.

Ол соғыстан кейінгі бейбіт өмірде қара шаңырақпен байланысын үзбей, университеттің саяси экономия кафедрасының меңгерушісі болып жемісті еңбек етті.

Ахмедияр Құсайынов — 1942 жылы майданға аттанып, Мелитополь қаласын жаудан азат ету кезіндегі батырлығы үшін жоғары атақпен наградалды. Жауынгерлік жолын аяқтаған соң, университеттің тарих факультетінде оқып, білімін жетілдірді.

Сәду Шәкіров — ҚазПИ-дің тарих факультетін тәмамдаған. 1942 жылдан бастап атқыштар дивизиясының құрамында шайқасып, соғыс даласында көрсеткен жанқиярлық ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атанған.

Құдайберген Сұрағанов — Одер өзені жағалауындағы шайқастағы ерлігі үшін 1946 жылы 15 мамырда Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Сұрапыл соғыстан жеңіспен оралғаннан кейін физика-математика факультетінде жоғары білім алып, аспирантурада да оқуын жалғастырған.

Жолдыбай Нұрлыбаев — Лукац-Крейц қаласы үшін болған шайқаста ерлікпен қаза тауып, ел тарихында есімі мәңгі қалды.

Сондай-ақ қасиетті қара шаңырақ түлектері — аты аңызға айналған партизан Қасым Қайсенов пен Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың есімдері университет тарихында алтын әріптермен жазылды. Партизандық қозғалыстың белсенді мүшесі, университет түлегі Әди Шәріпов майданнан оралған соң еліміздің білім саласын басқарып, жазушылық жолда өнімді еңбек еткені белгілі.

Қазірде Абай университетінің алдында «Ерлікке тағзым» ескерткіші орнатылған. Бұл — соғыстан қайтпаған боздақтар мен ерлікпен оралған батырлар мен ардагерлерге қойылған мәңгілік тағзым белгісі.

Айзере ШЫНАТ



В честь 90-летия КазНПУ имени Абая – первого вуза Казахстана, в газете университета «Абай университеті» (№ 13, ноябрь 2018 г.) была опубликована моя статья о легендарном выпускнике нашего вуза Канаше Камзине – Герое Советского Союза, под названием «Герой – географ». После окончания географического факультета Казахского педагогического института имени Абая (КазПИ) в 1941 году он был сразу призван в армию. В честь 81-летия Великой Победы я решил дополнить ту газетную публикацию воспоминаниями о своём родном деду. Мой дед – Увалиев Ошан, до начала Великой Отечественной войны в 1939–1940 гг., участвовал во Второй мировой войне (в Финской кампании и в походе в Бессарабию). По удивительному стечению обстоятельств боевой путь моего деда в годы Великой Отечественной войны начался в 1941 году на территории современной Молдавии в первые дни войны и там же, где позднее завершился боевой путь Канаша Камзина.



им уничтожено два НП и до 50 солдат и офицеров противника. В боях с 26 января 1943г. он показал себя отличным наводчиком.

1919 года рождения, член ВКП/б, казах, призван в РККА Каратальским РВК Алма-Атинской области в 1939 году. Командир 203 арт. полка, майор / Гауц.

ПРИКАЗ №14/Н по 203 артиллерийскому полку, 15 дваждыкрасно-знаменной ордена Ленина стрелковой дивизии центрального фронта 5-го августа 1943г. Действующая Красная Армия. От имени президиума Верховного совета союза ССР Награждаю: Медалью «За отвагу»

Боевой путь героев

(О Герое Советского Союза – Канаше Камзине и воспоминания о родном дедушке-фронтовике)

Сначала Великой Отечественной войны многие преподаватели и студенты КазПИ (нынешний КазНПУ) имени Абая, проявили высокое чувство патриотизма, добровольно и по мобилизации уйдя на фронт. В числе первых был и выпускник географического факультета Казахского педагогического института имени Абая – Канаш Камзин.

Он родился в 1919 году в селе Жолкудук Ермаковского (ныне Аксуского) района Павлодарской области. Три его брата и четыре сестры рано лишились родителей, и в 1931 году Канаша Камзина определили в школу-коммуну города Павлодара. В 1934 году, как лучшего ученика и комсомольца-общественника, его направили на учёбу на рабочий факультет (рабфак). В 1937 году, после окончания рабфака, он поступил в Казахский педагогический институт имени Абая (КазПИ). После успешного окончания института по специальности «География» в июне 1941 года он был призван в Красную армию Фрунзенским (ныне Медеуским) районным военным комиссариатом города Алматы.

Он мечтал стать учителем, однако начавшаяся война заставила бывшего воспитанника школы-коммуны отказаться от своих планов и отправиться на поля сражений. В 1943 году К. Камзин окончил ускоренный курс Сталинградского пехотного училища, получив звание лейтенанта, и с ноября 1943 года участвовал в боевых действиях в качестве командира 3-й стрелковой роты 429-го стрелкового полка 52-й стрелковой дивизии. В ночь с 12 на 13 апреля 1944 года под сильным артиллерийским и миномётно-пулемётным огнём противника лейтенант К. Камзин с первым эшелонном форсировал разлившуюся в период весеннего половодья реку Днестр. Едва достигнув правого берега, он повёл роту в атаку.

Личным примером Канаш Камзин воодушевлял бойцов на подвиги. Высота была взята, при этом уничтожено 20 фашистских солдат и офицеров. Противник не желал мириться с потерей высоты и начал одну за другой непрерывные контратаки. Против роты Камзина враг бросил новые силы, однако рота Канаша Камзина стояла насмерть. Установив на высоте пулемёты, К. Камзин открыл пулемётный огонь по западной окраине села Гура-Быкулуй, откуда вели наступление гитлеровцы, тем самым обеспечив возможность двум другим ротам занять юго-восточную окраину села. В этом бою, в одной из рукопашных схваток за село Гура-Быкулуй, погиб отважный сын казахского народа – офицер Канаш Камзин.

За мужество и героизм, проявленные при форсировании Днестра, ему 13 сентября 1944 года было присвоено звание Героя Советского Союза (посмертно). Канаш Камзин похоронен вместе со своими солдатами в селе Гура-Быкулуй, где его именем названа центральная улица, на которой расположена школа-гимназия с мемориальной доской, открытой в



честь его памяти в день 63-й годовщины Победы над фашистскими захватчиками.

Его имя окружено всеобщим почётом как в Молдавии, так и на Родине. Именем Канаша Камзина названы улицы в городах Павлодар и Аксу, а также в его родном селе Жолкудук. В настоящее время данный сельский населённый пункт переименован, а расположенная там средняя школа носит имя Героя. В этой общеобразовательной школе оборудован музей боевой славы имени К. Камзина, а во дворе школы установлен бюст Героя. В его родном селе на средства молодёжи района сооружён памятник «Герой – географ». Кроме того, бюст Героя установлен в Павлодаре – на одноимённой улице и на Площади Победы; на здании школы размещена мемориальная доска. 9 мая 2011 года в городе Аксу Павлодарской области также был открыт бюст Канаша Камзина.

Следует отметить, что местные краеведы Прииртышья с большим вниманием и уважением относятся к сохранению памяти о своих знаменитых земляках. Сведения о них и о событиях Великой Отечественной войны представлены в областном историко-краеведческом музее имени Г.Н. Потанина и в Музее воинской славы города Павлодара. Я дважды бывал в Павлодаре и лично посетил эти музеи.

Как внук фронтовика, я помню и горжусь предыдущим поколением победителей. Мой дед – Увалиев Ошан, после окончания в 1939 году курсов по подготовке младших командиров при Омском артиллерийском училище проходил службу в местной воинской части. В декабре 1939 года их подразделение было направлено на советско-финскую войну, а затем в 1940 году – в Бессарабскую кампанию. Таким образом, в 1939–1940 годах он принимал участие во Второй мировой войне, а в годы Великой Отечественной войны дошёл почти до границы с Германией.

За годы Великой Отечественной войны дед трижды получал ранения, однако после выздоровления каждый раз возвращался на фронт. В самом конце войны он получил осколочное ранение в ногу, в результате чего был признан инвалидом II группы.

После демобилизации из армии как инвалид II группы мой дед вернулся домой. Как специалист в области сельского хозяйства (агроном) он был направлен Каратальским райкомом партии на руководящую должность в родной колхоз. Перед вступлением в должность, по рекомендации руководителей района, он формально был переведён со II на III группу инвалидности.

В последующие годы дед работал на различных руководящих должностях в районе – в районной МТС, в качестве парторга, а также председателя колхоза. После укрупнения колхозов в середине 1950-х годов он был избран председателем сельского совета крупнейшего в Каратальском районе колхоза имени Абая, административный центр которого находился в селе Дальний Восток. В начале 1960-х годов, в связи с разукрупнением колхозов, на территории данного сельсовета было образовано несколько новых совхозов. В этот период он вернулся в родное село и был избран председателем Ельтайского сельского совета. На этой должности он проработал более 15 лет – до выхода на персональную пенсию. Он прожил долгую и счастливую жизнь в окружении своих детей, внуков и правнуков, дожив до 94 лет.

У моего деда имеется ряд боевых и трудовых орденов и медалей, а отдельные из них приведены мною ниже. В наградном листе для представления к награде «Отечественная война II степени» моего деда, есть такие анкетные записи:

1. Фамилия, имя и отчество: Увалиев Ошан; 2. Звание: Сержант; 3. Должность и часть: Наводчик орудия 203 арт. полка 15 дважды Краснознаменной и ордена Ленина дивизии, 61 армий; 4. Год рождения: 1919 года; 5. Национальность: казах; 6. Партийность: Член ВКП (б) с 1942 года; 7. Участие в боевых действиях по защите СССР в отечественной войне (где, когда): В отечественной войне с 22.06.1941 года; 8. Имеет ли ранения, контузии в отечественной войне: Ранен 14.10.1943 г.; 9. С какого времени в Красной Армии: С 1939 года; 10. С какого времени в действующей Красной Армии: С 22.06.1941 года; 11. Каким РВК призван: Каратальским РВК Алма-Атинской области; 12. Чем ранее награжден: Медалями «За боевые заслуги» и «За отвагу»; 13. Постоянный домашний адрес представляемого к награждению и адрес семьи.....

В графеданного наградного листа «Краткое конкретное изложение личного боевого подвига» написано: «Сержант Увалиев Ошан за время пребывания в полку проявил себя отличным артиллеристом и бесстрашным в бою.

Все дни ожесточенных схваток с врагом на правом берегу Днепра сержант Увалиев Ошан героически сражался с врагом. 14.10.1943 года в момент нависшей опасности, он стойко и мужественно дрался с ненавистным врагом, в районе Глушец стоя на прямой наводке он заметил самоходную пушку противника «Фердинанд»² ведущую огонь по нашим боевым порядкам, бы-

стро он навел свою пушку обратно и не успокоился до того момента пока не заставил повернуть его обратно. В этой атаке он уничтожил 1 станковый пулемет, рассеял и частично уничтожил до роты пехоты противника, невзирая на свое ранение он не ушел с поля боя до полного отражения контратаки.

Сержант Увалиев Ошан вполне достоин Правительственной награды и представляется к награждению его Орденом «Отечественная война II степени».

Командир 203 арт. полка, подполковник / Краснянский 20 октября 1943 года.

Согласно вышеуказанному наградному листу, который затем был подтвержден записями: «Достоин награждения правительственной наградой Орденом «Отечественная война II степени»: Командующим Артиллерией, полковником Федотовым; Командиром 15 стрелковой дивизии, полковником Гребенниковым и другими в конце октября и в начале ноября 1943 года. И впоследствии вышел нижеуказанный приказ о награждении его:

ПРИКАЗ №17/И

По 29 стрелковому корпусу, Белорусского фронта 20 ноября 1943г. Действующая Армия.

От имени Президиума Верховного Совета Союза ССР, за образцовое выполнение боевых заданий командования на фронте борьбы с немецкими захватчиками и проявленные при этом доблесть и мужество Награждаю:

Орденом «Отечественной войны II степени»

1. Старшего сержанта Увалиева Ошана, наводчика орудий 203 арт. полка, 15 стр. дивизии. Командир 29 стрелкового корпуса, генерал-майор / Слышкин.

Далее хочу показать приказы о награждении дедобоевыми медалями «За боевые заслуги» и «За отвагу»:

ПРИКАЗ № 5/Н

по 203 артиллерийскому полку, 15 дваждыкраснознаменной ордена Ленина стрелковой дивизии центрального фронта 28-го марта 1943г. Действующая Красная Армия.

От имени президиума Верховного совета союза ССР Награждаю:

медалью «За боевые заслуги»

Наводчика 7 батареи сержанта Увалиева Ошана за то, что он 28 февраля 1943г. несмотря на трудности быстро развернул своё орудие и метким обстрелом уничтожил более 100 солдат и офицеров. 1 марта 1943г.

Наводчика 7-й батареи сержанта Увалиева Ошана за то, что он в дни ожесточенных схваток с врагом проявил себя смелым и бесстрашным. 19 и 20 июля 1943 года, его орудие уничтожило две пулемётные точки и миномётную батарею противника, рассеяно и частично уничтожено до роты пехоты противника. Тов. Увалиев Ошан из своего орудия вел огонь по самолетам противника, чем предотвратил бомбежку ОП.

1919 года рождения, член ВКП/б, казах, призван в Красную Армию Каратальским РВК Алма-Атинской области в 1939 году.

Командир 203 арт. полка, майор / Гауц.

Дед также рассказывал, что в первые месяцы войны, во время отступления, за храбрость, проявленную в боях с врагом, он был представлен к награждению орденом Красной Звезды. Однако в конце июля 1941 года его дивизия попала в окружение под Уманью³. Выход из этого «котла» завершился для дивизии трагически: всё её командование оказалось в плену, и фактически соединение было уничтожено. Лишь отдельным бойцам, в том числе и моему деду, удалось выйти из окружения только к концу сентября 1941 года. Во время окружения были уничтожены все документы и орудия, чтобы они не достались противнику.

Также хочу привести фрагмент из газеты «Казахстанская правда» (№ 144 от 17 июня 1984 года) – заметку под названием «Нашла ветерана медаль», в которой рассказывается о награде, нашедшей моего деда спустя сорок лет. В публикации, в частности, отмечалось:

«Вызов в Каратальский райвоенкомат для персонального пенсионера, бывшего председателя Ельтайского сельсовета Ошана Увалиева, был неожиданным...». Далее сообщалось, что в военном комиссариате в торжественной обстановке районным военным комиссаром А. Сушковым был зачитан Указ Президиума Верховного Совета СССР о награждении Ошана Увалиева медалью «За отвагу».

Мой дед рассказывал много историй из своей фронтовой жизни и каждый раз подчёркивал важность сохранения мира и гармонии во взаимоотношениях между странами.

Своим жизненным примером такие выдающиеся личности, как Канаш Камзин и мой дед – Увалиев Ошан, научили меня любить и ценить Родину и навсегда останутся для меня героями. Мне есть что рассказать своим сверстникам и ученикам.

М.Т. УВАЛИЕВ, докторант 2-курса КазНПУ им. Абая

² «ФЕРДИНАНД» – во время ВОВ считался одной из самых страшных самоходных артиллерийских установок (САУ). Всего немцами за всю войну было выпущено 90 единиц данного тяжелого самоходного орудия.

³ На 20 июля 1941 г. когда началось окружение в Уманском «котле», наши силы насчитывали около 130 тысяч человек. По данным штаба Южного фронта, из окружения вышло только 11 тысяч человек. По немецким данным, в плен попало 103 тысячи человек, в т.ч. и командующие двумя армиями, четыре командира корпусов, одиннадцать командиров дивизий.



ӨНЕР мен ҒЫЛЫМ ТОҒЫСҚАН БАСҚОСУ

(Басы 1-бетте)

Симпозиум барысында өнер мен өнертанудың қоғам дамуындағы рөлі кеңінен насихатталды. Қатысушылар дәстүрлі бейнелеу өнері – халықтың тарихи мәдениетін сақтайтын, ұлттың рухани қалқанын қалыптастыратын маңызды құндылық екенін атап өтті. Сонымен қатар жаһандану жағдайында мәдени мұраны сақтау, көркемсурет өнерін жана технологиялармен сабақтастыру, жас ұрпақтың эстетикалық талғамын қалыптастыру мәселелері жан-жақты талқыланды.

Мерейтой иесіне Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы құттықтау хатын жолдап, профессордың бейнелеу өнері мен оқу-ағарту саласына қосқан өлшеусіз үлесін жоғары бағалады. Ал Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Тілеп ғалым-ұстаздың отандық педагогика мен мәдениет кенестігіндегі орны айрықша екенін атап өтті.

– Ұлттық өнер – ұлттың жаны. Ал сол өнерді жас ұрпақтың бойына сіңіріп, оны тәрбиенің темірқазығына айналдыру – үлкен азаматтық миссия. Берікжан Айтқұлұлы осы жолда саналы ғұмырын арнап, тұтас бір мектеп қалыптастырған тұлға, – деді ректор.

Болат Анапияұлы саналы ғұмырын ұстаздыққа арнап, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға өлшеусіз үлес қосқаны үшін мерейтой иесін «Құрметті ардагер» төсбелгісімен марапаттады.

Жиында Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова мен Ұлттық құндылықтар академиясының төрағасы Дүйсебек Әділхан кемел

жасқа толған тұлғаның руханият пен тәлім-тәрбие бағытындағы еңбектеріне ерекше тоқталып, өмір жолындағы естеліктерін бөлісті. Сондай-ақ Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті Аскарбек Құсаинов профессордың отандық дидактика мен әдістемелік ғылымды дамытудағы, жоғары білікті мамандар даярлаудағы қызметіне тоқталды.

Симпозиумда педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ботагүл Тұрғынбаева «Ғылым мен ұлттық тәрбие зергері» тақырыбында пайымды ой ербітіп, Берікжан Әлмұхамбетовтің халықтық тәрбие, эстетикалық таным қалыптастыру және өнер педагогикасы саласындағы еңбектеріне ғылыми баға берді. Сонымен қатар ғалымның мектеп оқулықтарын даярлаудағы еңбегі де ерекше аталып өтті. Оның авторлығымен жарық көрген бейнелеу өнері мен көркем еңбек бағытындағы оқулықтар бірнеше буын жас ұрпақтың эстетикалық танымын қалыптастыруға зор ықпал етті. Бұл кітаптар күні бүгінге дейін мектеп бағдарламасында ішкі мазмұнды күшейтуге қызмет етіп келеді.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Нұртас Ахатұлы «Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы арқылы тұлға қалыптастыру мәселелері» тақырыбында мазмұнды зерттеуін ұсынып, тағылым мен адамгершілік құндылықтардың қазіргі қоғамдағы маңызына тоқталды.

Халықаралық симпозиумға Туркия, Қытай, Беларусь мемлекеттерінен келген өнертанушылар мен профессорлар да қатысты. Қытай елінен келген профессор Лю Вэньбинь «Қазақстан мен

Қытай гравюра өнеріндегі шеберлік пен техникалық тәсілдердің трансформациясы» туралы сөз қозғаса, Беларусь республикасының келген Александр Зименко заманауи бейнелеу мектебі жүйесіндегі нейрожелілік технологиялардың рөлі туралы білгенін ортаға салды. Ал түркиялық профессор Өмер Займоғлу «Түрік және қазақ халықтарының кілем өнеріндегі тарихи-мәдени үндестіктер» туралы ой қозғады. Сондай-ақ Англия, Африка елдерінен арнайы құттықтау хаттар жолданып, Алматы қаласы Білім басқармасы мен Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ұжымы мерейтой иесіне ізгі тілектерін білдірді.

Ігі жақсылардың басын қосқан алқалы жиын аясында профессордың «Тағылымды тарих», «Қазақстан мектебі» атты кітаптарының тұсауы кесіліп, ғылыми-педагогикалық еңбектерінің маңызы кеңінен насихатталды.

Кеш соңында симпозиум қарары қабылданып, төл мәдениет пен көркемдік тәлім беру бағытындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейту, мәдени мұраны цифрлық форматта сақтау, жас суретшілерді қолдау және өнер педагогикасын халықаралық деңгейде дамыту жөнінде нақты ұсыныстар айтылды. Келелі кездесу қорытындысында мерейтой иесі Берікжан Әлмұхамбетов өз сөзінде этникалық өнерге қызмет ету – өмірлік мұрат екенін айтып, кейінгі буынның рухани тәрбиесі жолындағы жұмыстар жалғаса беретінін жеткізді. Тағылымды іс-шара дәстүрлі өнердің ұлт башағындағы орны айрықша екенін тағы бір мәрте айқындап берді.

Айтолық АРҒЫН



Ұлт руханиятының құндылықтары сөз болды

Абай университетінің түлегі, Қазақстанның құрметті жазушысы, ғалым, тарихшы, аудармашы, баспагер, публицист әрі қоғам қайраткері Мұхтар Қазыбектің 75 жасқа толуына арналған «Мұхтар Қазыбек шығармашылығындағы ұлттық тарих: дерек, аударма және тұлғатану» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ұлттық тарих пен руханият мәселелерін арқау еткен тағылымды жиынға белгілі ғалымдар, әдебиеттанушылар, архивистер, жазушылар мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Конференцияны университеттің Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Ертай Сұлтан ашып, жүргізіп отырды. Ол жиын басында университеттің Басқарма төрағасы-Ректоры Болат Тілептің құттықтау хатын оқып, Мұхтар Қазыбектің ұлттық тарихты зерделеу мен қазақ руханиятын дамытудағы еңбегіне жоғары баға берді. Зиялы қауым өкілдері мерейтой иесінің шығармашылық және ғылыми мұрасына жан-жақты тоқталып, жиында Қазақстан Жазушылар одағының, Алматы қаласы мен Түлкібас ауданы әкімдіктерінің құттықтау, марапаттары табысталды.

Баяндама жасаушылар М.Қазыбектің дулатитануға қосқан үлесін ұлт руханиятындағы ірі жетістіктердің бірі ретінде бағалады. Атап айтқанда, аса құнды «Тарих-и Рашиди» еңбегін қазақ тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізуі отандық тарих ғылымындағы маңызды оқиға. Бұл аударма қазақ оқырманына Дулатидің тарихи мұрасымен ана тілінде тереңірек танысуға мүмкіндік берді. Қаламгердің «М.Х.Дулати: таным мен талғам» атты еңбегі де ғұламаның шығармашылық әлемі мен тарихи көзқарасын саралаған құнды зерттеу ретінде танылған.

Конференция барысында ҚР Президенті жанындағы ҰҒА академигі Берекет Кәрібаев, Орталық мемлекеттік архив директоры Сәбит Шілдебай, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері Қанипаш Мәдібаева, Абай атындағы

ҚазҰПУ профессоры Серік Асылбеков арнайы баяндама жасап, Мұхтар Қазыбектің отандық ғылымдағы сіңірген қызметін саралады. Сонымен қатар, конференцияда түрлі сала мамандары – тарихшылар, әдебиеттанушылар, архивистер мен қоғам қайраткерлері сөз сөйлеп, университет түлегінің ұлттық тарих пен кітап ісінің дамуына қосқан үлесін сөз етті.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Марат Тоқашбаев мерейтой иесін ұлы Абайдың парасат мектебінен өткен, шындықтан айнымайтын жазушы, ғалым әрі аудармашы ретінде сипаттады. Баяндамашы кеңес уақытындағы Алматы қаласында қазақ мектептері мен балабақшаларын ашу жо-



лындағы күресін ерекше тебіреніспен еске алды.

– Біз сол жылдары Шона Смаханұлы бастаған топпен бірге қазақ мектептерін ашу үшін күрестік. Сол ортада Мұхтар Қазыбек те жүрді. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен табандылығы талай істің алға басуына себеп болды. Үш мектептің қазақлануының басы-қасында өзі жүрді. Алматыдағы №137 қазақ мектебінің ашылуына тікелей ұйытқы болған азаматтардың бірі – Мұхан. Ол мәселенің түйінін тауып, билікпен де ортақ тіл табыса білді. Бұл – оның күрескерлік болмысының айқын көрінісі, – деді Марат Тоқашбаев.

Салтанатты жиын аясында Мұхтар Қазыбектің тәржімалауымен ұлт батыры Бауыржан Момышұлының «Психология войны» кітабының баспадан шыққан «Қанмен жазылған кітап» аударма нұсқасы және «Замана сағлақтары» жинағының тұсауы кесіліп, қалың оқырманға жол тартты.

Б. ЕЛТАЕВА

ЖАҢА ЖАТАҚХАНА БОЙ КӨТЕРЕДІ

(Басы 1-бетте)

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жоғары оқу орындарының басшылығымен кездесуде студенттерді жатақханамен қамту мемлекет үшін маңызды басымдық екенін назарға алғаны белгілі. Студенттік жатақханаларды салу және жаңғырту, сондай-ақ сұранысты ескере отырып дамытуды онтайлы жоспарлау үшін университеттерге кәсіпкерлермен белсенді әріптестікті орнату тапсырылған.

Соған сәйкес Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп ҚХР-дың Қазақстандағы Шэньси Ихэшенфэнь өнеркәсіптік

тобының өкілдерімен кездесіп, ұзақмерзімді ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Аталған компания жатақхана құрылысына инвестор ретінде тартылып отыр. Оқу орнының басшылығымен өткен кездесуде компанияның бас директоры Лю Цзун Цзын Абай университетінің ғылыми әлеуеті мен тарихи маңызын жоғары бағалайтындарын жеткізді. Бұл еліміздің тұңғыш университетінің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ерекше тарту болмақ.

– Біз Абай университетінің тарихымен және ғылыми әлеуетімен бұрыннан таныспыз. Меморандум біздің ниетімізді нақты іске ұластырудың бастамасы болмақ. Біз өз

қаржылық мүмкіндіктерімізді, озық технологияларымызды ұсынбақпыз, – дейді компания басшысы.

Сонымен қатар университет қолданыстағы жатақханаларды жаңғырту жұмыстарын да қолға алмақ. Биыл Абай көшесі, 56В мекенжайында орналасқан №5 жатақханаға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Одан бөлек төрт жатақхананы қайта жаңарту бойынша жоба әзірленіп жатыр.

Қазіргі таңда Абай университетінде 13 жатақхана бар. Оның ішінде бесеуі университеттік, 8 жатақхана жалдамалы келісім-шарт негізінде жұмыс істейді. Жыл сайын студенттер санының артуына байланысты жатақ-



ханаға деген сұраныс жоғары болып отыр. Университет негізінен өмірлерден келген студенттерге басымдық беріп, бірінші курс білім алушыларын

жатақханамен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі.

Бифат НҰРМАХАНҚЫЗЫ

УНИВЕРСИТЕТТЕН ҚАНАТ ҚАҚҚАН ӨНЕР ТАРЛАНДАРЫ

Қазақстандағы мәдениет пен өнер саласының дамуы елдің рухани жаңғыруымен тікелей байланысты. Осы тұрғыда 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қоғамның шығармашылық саласына ерекше назар аударылатын маңызды күндердің бірі. Бұл дата мәдениет пен өнер иелерінің еңбегін бағалап қана қоймай, ұлттық руханияттың даму бағытын да айқындайды.

Осы кеңістікте шығармашылық білім беру жүйесінің рөлі ерекше. Қазақстандағы іргелі жоғары оқу орындарының бірі – Абай университетінің Өнер факультеті ұлттық көркем білім беру дәстүрін қалыптастырып, кәсіби суретшілерді, дизайнерлерді, музыканттар мен хореографтарды даярлап отырған шығармашылық мектеп ретінде танылған. 1969 жылдан бері факультет бірнеше буын мамандарды даярлап, ұлттық өнердің дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Оқу үдерісі кәсіби дағдылармен қатар, шығармашылық ойлау мәдениетін дамытуға және көркемдік танымды тереңдетуге бағытталған. Факультеттің көпсалалы құрылымы студенттердің өнер саласын кешенді түрде меңгеруіне мүмкіндік береді.

Дизайн, көркем білім, музыкалық білім және хореография бағыттары бір жүйеге біріктіріліп, білім алушылардың шығармашылық көкжиегін кеңейтеді.

Білім беру бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде жүзеге асырылады. Студенттер мемлекеттік гранттар, шәкіртақылар және халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы қолдау табады. Сонымен қатар Түркия, Германия, Франция, Польша, Литва және өзге де елдерде тәжірибе алмасу мүмкіндігі қарастырылған. Өнер факультетінің студенттері республикалық және халықаралық байқауларға, көрмелерге және ғылыми-шығармашылық жобаларға белсенді қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп жүр. Олардың жұмыстары университеттің «Жасампаз» галереясында және басқа шығармашылық орталарда ұсынылып отыр.

Факультеттің маңызды рухани капиталы – оның тұлғалары. Олардың қатарында Ерболат Төлепбай, Нәлли Бубә, Владимир Власюк, Батима Заурбекова, Берікжан Әлмұхамбетов, Токқожа Қожағұлов, Жолаушы Тұрдығұлов, Болат Атамқұлов, Нұрлан Қилибаев, Жәніс Нұрлыбаев, Мұратбек Нұрлыбаев, Болат Байжігітов және басқа да белгілі тұлғалар бар. Рамазан Стамғазиев, Жанар Айжанова, Медеу Арынбаев сынды

көптеген танымал өнер жұлдыздары қасиетті қара шаңырақты бітіргендер.

Бүгінде Өнер факультеті академиялық дәстүрді заманауи білім беру технологияларымен ұштастыра отырып, өнер саласына байланысты бағыттар бойынша бәсекеге қабілетті мамандар даярлап отыр. Оқу үдерісінде цифрлық және инновациялық әдістер кеңінен қолданылады.

Қазіргі студенттер республикалық және халықаралық деңгейдегі байқауларда, көрмелерде және ғылыми жобаларда жетістіктерге жетіп, факультеттің шығармашылық беделін көтеріп жүр. Атап айтсақ, «Абай» студенттік хоры факультеттің белсенді шығармашылық ұжымдарының бірі ретінде түрлі байқаулар мен фестивальдерде жүлделі орындарға ие болып, республикалық және халықаралық сахналарда өнер көрсетуде.

Бір ауыз сөзбен түйіндесе, Өнер факультеті – ұлттық өнерді заманауи білім беру жүйесімен және халықаралық академиялық байланыстармен ұштастырған іргелі шығармашылық орталық. Факультет тұлғалары мен қазіргі білім алушыларының жетістіктері осы үздіксіз дамып келе жатқан кәсіби және рухани мектептің нақты нәтижесін көрсетеді.

Б. ЕЛТАЕВА



«ЦИФРЛЫҚ ЖІБЕК ЖОЛЫ» ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

ҚХР-нан келген ЦинДао университетінің өкілдерімен стратегиялық кездесу өтті. Жиын аясында трансшекаралық экономикалық және сауда деректерін әзірлеуге арналған ауқымды семинар өтіп, екі ел арасындағы цифрлық интеграцияның жаңа кезеңіне жол ашылды. Іс-шара барысында Халықаралық трансшекаралық қашықтықтан білім беру практикалық орталығы, сондай-ақ ШЫҰ демонстрациялық аймағының Құқықтық қызмет көрсету орталығының тұсауы кесілді.

Басқосуға Шаньдун провинциясы және Циндао қаласының Интернет-ақпарат істері басқармасы, Қытай – ШЫҰ жергілікті экономикалық және сауда ынтымақтастығы демонстрациялық аймағының әкімшілігі мен Абай университетінің басшылығы қатысты. Жиында трансшекаралық сауданы талдаудың заманауи модельдерін енгізу мен ортақ деректер қорын қалыптастыру мәселелеріне айрықша назар аударылды. Бүгінгі таңда жүйелі геоақпараттық негізсіз заманауи логистиканы реттеу, қоғамдық көлік бағдарларын оңтайландыру және халықаралық электрондық коммерцияны дамыту мүмкін емес. Сондықтан аталған сандық бағыттарды кешенді түрде ілгерілету кездесуде басым міндет ретінде белгіленді.

Сонымен қатар жасанды интеллект негізіндегі навигациялық қызметтердің сапасы да геоақпараттық негізге тікелей байланысты. Еліміз үшін бұл өте өзекті мәселе, себебі елдегі ашық геоақпараттар қоры әлі де толық емес. Ал олардың сапасын бақылайтын бірыңғай институционалдық жүйе қалыптаспаған. Осы мақсатта Абай университеті халықаралық деңгейдегі цифрлық хаб құруға ниетті екенін жеткізді.

Семинарда тұсауы кесілген Трансшекаралық қашықтықтан білім беру орталығы мен Құқықтық қызмет көрсету станциясы екі мемлекет арасындағы кәсіпкерлік қатынастардың қауіпсіздігін нығайтпақ. Бұл

құрылымдар трансшекаралық бизнес өкілдеріне құқықтық кеңес беріп, сауда-саттықтың заң аясында жүруіне жағдай жасайды.

Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Тілеп бұл жобалар жас мамандардың халықаралық стандарттар бойынша тәжірибе жинақтап, деректер аналитикасын меңгеруіне үлкен мүмкіндік беретінін алға тартты.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, сапалы геодеректер инфрақұрылымы әдетте ірі академиялық орталықтар мен зертханалар базасында дамиды. Мәселен, Германияның Гейдельберг университеті немесе Канаданың көлік зертханалары осы бағытта жаһандық деңгейде жұмыс істеп отыр. Орталық Азия елдерінің ішінде халықаралық YouthMappers желісіне әзірге тек Қырғызстанның бір университеті ғана тіркелген. Енді Абай университеті осы жүйеге қосылып, Қазақстанның атынан алғашқы инновациялық алаң болуды көздеп отыр.

Қазақстан мен Қытайдың бұл серіктестігі – логистикалық дәліздерді цифрландыру, ГАЗ (GIS) және жасанды интеллект саласында кадрлар даярлау, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сай ортақ деректер қорын жасауға бағытталған интелектуалды кадам. Цифрлық Жібек жолының негізі дәл осындай желілік жергілікті нысандардан бастау алады.

А. НҰРЖАУСЫНҚЫЗЫ

ТЕНДЕНЦИИ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ

В современном динамично развивающемся обществе система образования Республики Казахстан переживает этап существенных трансформаций, формируясь под влиянием как глобальных тенденций, так и национальных приоритетов. Одним из ключевых направлений её развития выступает специальное и инклюзивное образование.

Развитие инклюзивного образования в Казахстане закреплено в качестве приоритетного направления государственной политики. Инклюзивный подход, предполагающий совместное обучение всех детей независимо от особенностей их развития, постепенно становится нормой образовательной практики. Его реализация требует не только модернизации образовательной среды, но прежде всего качественно нового уровня подготовки педагогических кадров, прежде всего специалистов в области специального и инклюзивного образования.

По состоянию на начало 2026 года около 90–94% общеобразовательных школ создали условия для реализации инклюзивного образо-

вания. Это включает формирование безбарьерной среды, а также расширение кадрового обеспечения за счёт специальных педагогов и педагогов-ассистентов. В стране функционирует более 500 организаций поддержки, включая кабинеты психолого-педагогической коррекции и реабилитационные центры. Численность педагогов-ассистентов достигла порядка 3500 специалистов, что свидетельствует о расширении системы сопровождения. В условиях инклюзивной образовательной среды обучаются десятки тысяч детей с особыми образовательными потребностями, при этом развитие инфраструктуры продолжается.

В КазНПУ имени Абая реализуется многоуровневая система подготовки специалистов в области специальной педагогики, отвечающая современным образовательным требованиям и социальному запросу. Подготовка осуществляется на трёх уровнях высшего образования: бакалавриате, магистратуре и докторантуре. Данный подход обеспечивает преемственность профессионального становления и научного развития будущих специалистов.

На уровне бакалавриата реализуется образовательная программа

«6B0190 – Специальная педагогика (IP)». Отличительной особенностью данной программы является приоритетная практико-ориентированная направленность: значительный объём учебного времени отведён педагогической практике, которая начинается уже с первого курса. Со второго курса обучающимся предоставляется возможность выбора образовательной траектории (логопедия, сурдопедагогика, тифлопедагогика, олигофренопедагогика), что позволяет учитывать индивидуальные профессиональные интересы и потребности системы образования.

Магистерская программа «7M01906 – Специальная педагогика: инклюзивное образование» ориентирована на подготовку специалистов, способных решать актуальные научные и практические задачи в сфере инклюзивного образования. Образовательная программа регулярно обновляется с учётом изменений нормативно-правовой базы и современных тенденций развития отрасли. В её разработке участвуют внешние и внутренние стейхолдеры: преподаватели кафедры, практикующие специалисты, обучающиеся, что обеспечивает её актуальность и прикладной характер.

Завершающим этапом подготовки является докторантура по программе «8D01901 – Специальная педагогика», направленная на формирование научно-педагогических кадров высшей квалификации.

Таким образом, система подготовки специалистов в области специальной педагогики в КазНПУ имени Абая характеризуется комплексностью, практической направленностью и соответствием международным стандартам, что обеспечивает подготовку конкурентоспособных кадров для системы специального и инклюзивного образования Казахстана.

В рамках международного сотрудничества внедряются инновационные образовательные практики, ориентированные на цифровизацию, развитие исследовательских компетенций и использование современных технологий инклюзивного обучения.

Современный специальный педагог – это не узкопрофильный специалист, а универсальный профессионал, способный выстраивать образовательный процесс с учётом индивидуальных особенностей каждого ребёнка, применять современные технологии и эффективно взаимодействовать с семьёй и междисциплинарной командой.

Система подготовки специальных педагогов в Казахстане ориентирована на ряд ключевых направлений:

- приоритет инклюзивного образования;
- усиление практико-ориентированной подготовки;
- цифровизация образовательного процесса;
- развитие междисциплинарного подхода;
- формирование системы ранней помощи.

В целом, подготовка специальных педагогов в Казахстане находится в стадии активной трансформации. Её ключевые тенденции отражают переход к более гибкой, практико-ориентированной и технологически насыщенной модели образования. Развитие системы подготовки кадров напрямую влияет на качество образования и успешную социализацию детей с особыми образовательными потребностями, что придаёт данному направлению стратегическую значимость для общества.

Ф. М. УМАРОВА,
магистр педагогических наук,
преподаватель кафедры
«Специальная педагогика»



КӨЛСАЙДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ – СТУДЕНТТЕР АСЫҒА КҮТЕР СӘТ

Жаратылыстану және география факультетінің студенттері үшін «Дала» тәжірибесі – жай ғана оқу бағдарламасындағы практика емес, нағыз табиғатпен бетпе-бет келетін ерекше сапар. Жыл сайын студенттер Көлсай, Түрген, Есік сынды табиғаты көркем аймақтарға барып, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырады. Ал қалада қалғандары Медеу мен Ботаникалық бақта зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Дегенмен студенттердің көбі асыға күтетін сапар – Көлсайға бағытталған «Дала» тәжірибесі.

Таңғы салқын ауамен басталатын тәжірибе күндері студенттер үшін мүлде бөлек әлемге енгендей әсер сыйлайды. Қолдарында анықтама кітапшалары, арқаларында сөмке, алдарына қойылған тапсырмалармен олар тау бөктеріндегі өсімдіктер мен жәндіктер әлемін зерттеуге кіріседі. Аудиторияда қағаз бетінде оқылған дүниелер табиғат аясында мүлде басқа қырынан танылады.

Биология мамандығының 3-курс студенті **Айдана Ермеқызы** Көлсайдағы алғашқы күндерінің өзі ерекше әсер қалдырғанын айтады. Оның сөзінше, бұл тәжірибе болашақ мамандығына деген қызығушылығын одан сайын арттырған.

– Көлсайдың табиғаты өте әдемі. Көлдің өзі, айналасындағы орман, таза ауа ерекше әсер береді. Бұрын теорияда ғана оқып жүрген көптеген жәндіктер мен өсімдіктерді тірідей көрдік. Табиғатта жұмыс істеудің жауапкершілігі мүлде бөлек екен. Ұқыптылық пен тазалықтың қаншалықты маңызды екенін сонда түсіндім, – дейді студент.

Айдана Ермеқызы
биология, 3-курс студенті

Айдананың айтуынша, тәжірибе барысында студенттер үшін ең қиыны – өсімдіктер мен жәндіктердің түрлерін ажырату. Сондықтан олар анықтама кітапшаларын үнемі өздерімен бірге алып жүрген. Кейде ұзақ уақыт бойы белгісіз жәндіктің атауын іздеп, бүкіл топ болып талқылайтын сәттер де аз болмапты.

– Теория мен тәжірибенің айырмашылығы жер мен көктей екен. Сабақта бәрі жеңіл көрінеді. Ал табиғат аясында нақты жұмыс істегенде мүлде басқаша сезінесің. Біз кейбір сирек өсімдіктер мен жәндіктерді бұрын тек кітаптан ғана көретінбіз. Ал оларды табиғат ортасында көру ерекше әсер сыйлады. Осындай тәжірибеде пән оқытушылары мен ғалымдардың көмегі көп болды. Олар бізге өсімдіктер мен жәндіктерді ажыратуды, табиғатта зерттеу жұмысын жүргізуді үйрет-



ті. Қауіпсіздік ережелерін де үнемі түсіндіріп отырды. Сол кісілердің арқасында практика біз үшін қызықты әрі пайдалы өтті, – дейді Айдана.

Күндізгі зерттеу жұмыстарынан кейін студенттер арнайы дайындалған киіз үйлерге орналасады. Кешкілік таудың салқын самалы ескен шақта олар бір жерге жиналып, ән айтып, әңгіме-дүкен құрып, ерекше атмосфераны сезінеді. Студенттердің сөзінше, Көлсайға барар алдында ең маңыздысы – дұрыс дайындық. Таулы аймақтың ауа райы құбылмалы болғандықтан, жылы киімсіз шығу қиын. Биология мамандығының студенті **Дияс Тастанбек** те осыған ерекше тоқталды:

– Көп адам тауға бара жатқан соң жеңіл киім ала салады. Бірақ кешке қатты суық болады, ауа райы да тез өзгеріп кетеді. Сондықтан жылы киім, жел өткізбейтін сырт киім, ұзын әрі ыңғайлы етік міндетті түрде қажет. Сонымен қатар күннен қорғайтын SPF крем қолдану керек, ал кенеге қарсы спрей мен жабық киім табиғаттағы жәндіктерден қорғайды. Ең бастысы, дәрі қобдишасын алып жүру керек, өйткені далада кез келген жағдай болуы мүмкін, – дейді ол.

Дияс Тастанбек
биология, 3-курс студенті

Практикаға шыққан сәттен бастап әр кезенді суретке түсіріп отырған маңызды. Табылған жәндіктер, өсімдіктер, зерттеу жүргізген жерлердің бәрі кейін есеп пен презентацияға қажет. Күнделікке атқарылған жұмыс пен бақылауларды күнде жазып отырған жөн.

Диястың Көлсайдағы тәжірибеден есте қалған сәті де ерекше. Оның айтуынша, бір күні студенттер жәндіктер мен бауырымен жорғалаушыларды бақылауға шыққан кезде күтпеген жағдай болған.

– Біз омыртқасыз жәндіктерді зерттеп жүргенбіз. Сол кезде боз жыланды ұстап алдық. Оны базаға алып келіп, түрін анықтап, зерттеп болған соң қайта табиғатқа жібердік. Шынымды айтсам, қауіпсіздік шарттарын қатаң ұстанғандықтан маған жылан ұстау аса қорқынышты болған жоқ. Керісінше қызық көрінді, – дейді студент күліп.

Студенттер үшін практика тек ғылыми зерттеумен шектелмейді. Жол бойындағы табиғат көріністері де ерекше әсер қалдырады. Әсіресе Шарын шатқалы мен Көлсай көлінің әсем көріністері олардың есте ұзақ сақталатын әсерлі сәттерінің біріне айналған.

Ал қазір 1-курс студенттері өздерінің алғашқы тәжірибелерін тағатсыздана күтіп жүр. Жақын күндері олар университеттің Агробиостанциясына барып, алғашқы зерттеу жұмыстарын бастайды. Оқытушылар қазірдің өзінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, студенттерге қажетті құрал-жабдықтардың тізімін берген. Гербарийге арналған газеттен бастап, жәндік салатын қорап, қолғап, күрек, ине мен мақтаға дейін әр заттың өз орны бар.

Биология ғылымдары мамандығының 1-курс студенті **Акерке Есенбек** жоғары курс студенттерінің тәжірибеден алған әсерлерін көріп, өзі де сол сәтті асыға күтіп жүргенін айтады.

– Әлеуметтік желіден жоғары курс студенттерінің практикадағы қызықты сәттерін көріп, біз де сондай күндерді армандайтынбыз. Бұл тәжірибе бізге мамандығымызды тереңірек түсінуге көмектеседі деп ойлаймын. Келесі жылы Көлсай мен Есікке барсақ деген үмітіміз бар, – дейді ол.

Шынында да, «Дала» тәжірибесі студенттер үшін жай ғана сапар емес. Ол – табиғатты танып қана қоймай, өз мүмкіндігін сынайтын, ұжыммен жұмыс істеуді үйренетін, болашақ мамандығына бір қадам жақындайтын кезең. Ал Көлсайдың мөлдір суы мен тау арасындағы сол күндер олардың студенттік өміріндегі ең ыстық естеліктерінің біріне айналары анық.

Практика аяқталған соң студенттер университетке оралғаннан кейін тәжірибе барысында түсірілген суреттерді, зерттеген өсімдіктер мен тапқан «байлықтарының» фотоларын жинақтап, арнайы презентация дайындайды. Әр топ өздерінің дала тәжірибесінде не үйренгенін, қандай зерттеу жүргізгенін, бастысы не түйгендерін оқытушылар алдында қорғайды.

Бифат ЕЛТАЕВА



«Жасын» – лауреат!

Абай университетінің студенттерінен құралған «Жасын» би ансамблі Есік қаласында өткен Қазақ биі фестивалі аясындағы республикалық «Жұлдыз биі» конкурсында жоғары өнер көрсетіп, лауреат атанды. Ұжым байқау барысында кәсіби шеберлігі мен ұлттық би өнерін насихаттаудағы ерекшелігін айқын танытып, биік белесті бағындырды.

Байқауға қатысқан 21 биші Құрманғазы Сағырбайұлының «Қызыл қайын» күйіне, Ақан сері Қорамсаұлының «Балқадия» әніне және Әбдімомын Желдібаевтың «Құрбылар» күйіне қойылған хореографиялық қойылымдарды жоға-



ры деңгейде сахналады. Әрбір би композициялық тұтастығымен, сахналық мәдениетімен және орындаушылық шеберліктің үйлесімділігімен ерекшеленіп, көрермендердің зор ықыласына бөленді. Сонымен қатар, ансамбльдің әр нөмірі ұлттық болмысты заманауи сахналық шешімдермен ұштастыра білумен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Бұл жетістік – ұжым мүшелерінің табанды еңбегі мен шығармашылық ізденісінің нәтижесі. Сондай-ақ би ансамблінің жетекшісі Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қауымдастырылған профессорының м.а. Алматы Құмаржановтың кәсіби бағыт-бағдарының үлесі.

#seriktin_photosy

«Abai University» аруы



Аружан МАЙДАНБЕК,
дене шынықтыру және әскери дайындық факультеті,
Бастапқы әскери дайындық мамандығының
2-курс студенті

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
«ABAI UNIVERSITY»
МЕДИА ОРТАЛЫҒЫ

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.01.2009 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №9874-Г күйлігі берілген

Бас редактор
Болат ШАРАХЫМБАЙ
Көркемдеп беттеуші
Нұржан МӘДЕЛХАН
Фототілші
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның мекен-жайы:
050010
Алматы қаласы,
Достық даңғылы 13
519-кеңсе
Байланыс тел: 8 (727) 293-86-38
Газет бүкіл республикаға тарайды

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.
Жазылу индексі: 65285
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №224

Газет 050010 Алматы қаласы,
Қазыбек би көшесі, 30-үй,
«Ұлағат» баспасының
баспаханасында басылды

Баспа директоры
Нұрлан БАЛЫҚОВ